

36678 және 33738 әскери бөлімдердің Семей және Торғай облыстарының аумақтарындағы жер учаскелерінің жерін пайдалану құқығын тоқтату және босатылған жерлерді елді мекендердің жеріне және жер қорына көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 тамыз N 1006

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі 36678 және 33738 әскери бөлімдерінің Семей және Торғай облыстарының аумақтарындағы жер учаскелерінің жерін пайдалану құқығынан бас тартуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығының 60-бабы негізінде (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-бап) 36678 әскери бөлімнің Семей облысының аумағындағы және 33738 әскери бөлімнің Торғай облысының аумағындағы жалпы көлемі тиісінше 4126 және 3798 га жер учаскелерінің жерін пайдалану құқығы тоқтатылсын.

2. Семей және Торғай облыстары әкімдерінің, Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің осы қаулының 1-тармағына сәйкес босатылған жер учаскелерін елді мекендердің жеріне және жер қорына аудару туралы қосымшаға сәйкес ұсыныстары қабылдансын.

3. Семей және Торғай облыстарының әкімдері:

белгіленген тәртіп бойынша қайтарылатын жерлерде орналасқан Солнечный (36678 әскери бөлім) және Степной (33738 әскери бөлім) әскери қалашықтарды қабылдап алуды қамтамасыз етсін.

Солнечный және Степной елді мекендері шегіндегі жер учаскелерін жаңа жер пайдаланушыға беруді осы учаскелер аумағында бұзылған жерлерді олардың қалпына келтіруді жүргізу шартында жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеті:

Ресей Федерациясының Қорғаныс қажеті үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы пайдаланған (пайдаланудағы) жерлердің жағдайына тексеру жүргізуін және осы тексеру нәтижесі бойынша бұзылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыс көлемі мен құнын анықтасын;

мүдделі облыстардың әкімдерімен бірлесіп ластанған жерлерді дезактивациялау және бұзылғаны анықталған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізудің орындылығы мен тәртібін айқындасын.

5. Шахтадағы ұшыру қондырғысын (ШҰҚ) жою кезіндегі бұзылған

жерлерді қалпына келтіруді қабылдау Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің ұсынысымен Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын құрамында Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері бар мемлекеттік комиссияға жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 13 тамыздағы
N 1006 қаулысына
қосымша

Семей және Торғай облыстарының аумақтарындағы 36678
және 33738 әскери бөлімдердің бұрын пайдаланған жер
учаскелерін елді мекендердің жерлері мен жер қорының
құрамына
Көшіру
(га)

1. Аумағындағы жер учаскелеріне әскери бөлімдерге жерді пайдалану құқығы берілген аудандардың атауы
Әскери бөлімдердің бұрын пайдаланған жер учаскелерінің аумағы
2. Барлығы
Соның ішінде:
3. егістік
4. жайылым
5. өзге жерлер
Құрамға көшірілген жер учаскелерінің аумағы
елді мекендердің жері
6. Барлығы
Соның ішінде:
7. егістік
8. жайылым
9. өзге жерлер
Жер қоры
10. Барлығы

Соның ішінде:

11. егістік

12. жайылым

13. өзге жерлер

1		2		3		4		5		6		7		8		9		10		11		12		13
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	----	--	----	--	----	--	----

Семей облысы

(36678 әскери бөлімі)

Жарма 2215 - - 2215 322 - - 322 1893 - - 1893

Шар 1911 - - 1911 - - - - 1911 - - 1911

Облыс бойынша

жиыны 4126 - - 4126 322 - - 322 3804 - - 3804

Торғай облысы

(33738 әскери бөлімі)

Амантоғай 253 218 35 - - - - 253 218 35 -

Державин 2599 2027 572 440 440 2159 2027 132 -

Есіл 868 826 42 - - - - 868 826 42 -

Жаңадала 78 - 78 - - - - 78 - 78

Облыс бойынша

жиыны 3798 3071 727 - 440 - 440 - 3358 3071 287 -